

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Тәрбие жұмыс және әлеуметтік
даму жөніндегі проректоры

Ж.Е.Ішпекбаев

2018 ж.



**С.Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті кафедрасы жанындағы Сәкен
Сейфуллин атындағы әдеби-шығармашылық өнер бірлестігінің
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ереже

1.1. Сәкен Сейфуллин атындағы әдеби-шығармашылық өнер бірлестігі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан шығармашылық бірлестік болып табылады.

1.2. С.Сейфуллин атындағы әдеби шығармашылық өнер бірлестігі қаламгерлік (акындық, прозашылық, журналистік) қабілеті бар 1-4-курста оқитын бакалавриат студенттерінен, сонымен қатар магистранттардан, кафедралардың оқытушыларынан құралады. Бірлестіктің құрамындағы талапкерлердің жазу қабілеттеріне орай, олардың өздерінің ықылас-ынтасы негізінде жұмыс жүргізеді.

Бұл Ереже бірлестік жұмысын үйлестіру, ұйымдастыру, дамыту жолдарын айқындастырын, мүшелердің өзара қарым-қатынастарды реттеу, жүйелену тұрғысынан негізгі құжат болып табылады.

Жаңа оку жылында бірлестіктің жаңа жұмыс жоспары бекітіледі. Кафедра тарапынан бірлестік жұмысына кеңесшілік жасайтын оқытушылар белгіленеді.

Бірлестік жоспарындағы белгіленген іс-шаралар университеттің, институттың оқу-тәрбие жұмыстарына сабактас жүргізіледі.

Жұмыс мазмұны Қазақстан Республикасының негізгі құқықтық заңдарына, мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы басты назарға алынады.

II. Бірлестіктің мақсаты

Филология және көптілді білім беру институты және басқа да институттардағы поэзиялық, прозалық, драматургиялық, публицистикалық туындылар жазуға табиғи қабілеттері бар талапкерлерге шығармашылық бағдар беру. Талапкерлердің шығармашылық талпыныстарының, ізденістерінің нәтижелі болуы үшін мынадай міндеттерді орындау көзделеді:

- 1-курс топтарындағы жазу қабілеті бар студенттерді қатыстыра отырып танымал ақындармен, прозашылармен, драматургтермен, журналистермен дидарласулар, кездесулер ұйымдастыру;

- Жастардың шығармашылық жұмыстарын қабылдап, жарияладынын баспасөз редакцияларымен кездесулер, сұхбаттар үйімдастыру;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелеріне сәйкес әдеби-шығармашылық дидарласулар үйімдастыру;
- 2-3-курс студенттерінің бұқаралық ақпарат құралдарында (газеттерде, журналдарда, теледидарда, радио, ғаламторда) балауса туындыларымен көрінуіне, танылуына ықпал ету;
- 1-4-курс студенттерінің университеттің оқу үдерісі, білім, ғылым негіздерін менгеруі, білім, тәрбие жұмыстарының сапалылығы және т.б. сан алуан мәселелеріне байланысты мақалалар, сұхбаттар жазуын үйімдастыру;
- Республиканың басқа да жоғары оқу орындары студенттерімен шығармашылық байланыстар орнату (жалпыуниверситеттік, қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде);
- Қазақстан Жазушылар одағымен, Қазақстан Журналистер одағымен бірлескен іс-шаралар үйімдастыру өткізу.

III. Бірлестік жұмыстарының нәтижелері

- Жас қаламгерлердің балауса туындыларын бірлестік басқосуларында тыңдалап, бағалау;
 - Бірлестік мүшелерінің балауса туындыларын «Үркөр», «Жалын», журналдарында, «Жас қазак», «Ұлан», «Қазақстан мұғалімі», «Қазақ әдебиеті», «Ұлағат», «Абай университеті» газеттерінде жариялануын үйімдастыру;
 - Бірлестік мүшелерінің туындыларын (өлең, әңгіме, мақала) жеке жинақ етіп шығарылуын үйімдастыру;
 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері қарсаңында жыр мүшәйраларын, ақындар айтыстарын үйімдастыру;
 - Бірлестік мүшелерінің жеке авторлық кітаптарын дайындау;
 - ЖОО-ның бітіруші талантты жастардың шығармашылық есеп беру кештерін өткізу;
 - Бірлестік мүшелерін қатыстыра отырып орта мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың бітіруші жоғары сынып (11-сынып) окушыларымен кездесулер өткізу.
- «Мұғалім – мәртебелі мамандық» тақырыбымен әдеби-шығармашылық дидарласулар өткізуді дәстүрге айналдыру.

IV. Бірлестік қызметін тоқтату

1. С.Сейфуллин атындағы әдеби-шығармашылық өнер бірлестігінің құрамындағы жеке мүшелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік-құқықтық заңдарына қайшы әрекеттер жасаса, онда олар заң талаптары бойынша жауапкершілікпен жазаланады.
2. Бірлестік мүшелерінің басым бөлігінің жазған туындылары адамгершілік-құқықтық талаптарға қайшы болған жағдайда, жалпы ұжымның жұмысы тоқтатылады.